

4. Республика Казахстан. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). 27 декабря 1994 года // Ведомости Верховного Совета Республики Казахстан. 1994 г. № 23-24 (приложение). 1995 г. № 15-16. ст. 109. № 20. ст. 121.
5. Республика Казахстан. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть). 27 декабря 1994 года // Ведомости Верховного Совета Республики Казахстан. 1994 г. № 23-24 (приложение). 1995 г. № 15-16. ст. 109. № 20. ст. 121.
6. Республика Казахстан. Конституция. 30 августа 1995 года // Казахстанская правда. 8 сентября 1995 г.
7. Республика Казахстан. Земельный кодекс. 20 июня 2003 года № 442-II // Казахстанская правда. 26 июня 2003 г. № 183-184 (24123-24124).
8. Республика Казахстан. Лесной кодекс. 8 июля 2003 года № 477-II // Казахстанская правда. 12 июля 2003 года. № 203-204 (24143-24144).
9. Республика Казахстан. Закон. 24 марта 1998 года № 213-I. О нормативных правовых актах // Казахстанская правда. 28 марта 1998 г.
10. Республика Казахстан. Закон. 07 июля 2006 года № 175-III. Об особо охраняемых природных территориях // Казахстанская правда. 21 июля 2006 года № 178 (25149).
11. Республика Казахстан. Лесной кодекс. 8 июля 2003 года № 477-II // Казахстанская правда. 12 июля 2003 года. № 203-204 (24143-24144).
12. Республика Казахстан. Уголовный кодекс. 16 июля 1997 года № 167-I // Ведомости Парламента Республики Казахстан. 1997 г. № 15-16, ст. 211.

In article it is spent consideration of some positions of the Wood Code of Republic Kazakhstan is carried out. As in article the analysis of some articles of the Wood code with allocation of existing lacks and blanks is resulted.

Автор бұл мақалада Қазақстан республикасының Орман кодексінің маңызды мәселерге байланысты баптарын қарастырады. Мақалада қазіргі заманға сәйкес келмейтін Орман кодексінің баптарының кемшіліктерін ерекшеліктіреді.

А.Қ. Джангабулова

ҚР АГРАРЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Агроөндірістік кешенді мемлекеттік реттеудің қажеттілігі айқын, өйткені мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттарының бірі азық -түлік қауіпсіздігін сақтау және халықты азық түлікпен қамтамасыз етуді жақсарту. Аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің міндеттері агроөнеркәсіптік өндірісті дамыту және тұрақтандыру, ауыл шаруашылығы және өзге де салалар арасында байланысты сақтау, шаруашылықтарды керекті құралдармен қамтамасыз ету, ауылшаруашылық қызметкерлердің кірістерін кәсіпорын қызметкерлерінің кірістерімен теңестіру, отандық ауылшаруашылық тауар өндірушілерді қолдау және т.б.

Б.А. Жетпісбаевтың пікірі бойынша, ауыл шаруашылығын мемлекеттік реттеудің бір көрінісі ретінде ауылшаруашылық тауар өндірушілердің және түгел ауыл халқының әл-ауқатын арттыру үшін мемлекеттің аграрлық саясатын жүзеге асыруға бағытталған және мемлекетпен жүзеге асырылатын шаралар кешенінен тұратын ауылшаруашылық өндірісін басқару болып табылады [1, с. 93].

Аграрлық қатынастарды мемлекеттік реттеу – бұл бәсекеге қабілетті отандық ауылшаруашылық өндірісін дамытуға, азық -түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауылшаруашылық қызметін ұйымдастыруға нарықтық құралдарды ендіру, қолданыстағы заңнаманың шарттары мен шегінде аграрлық аяда халықаралық ынтымақтастықты дамытуға байланысты құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және өзге де жағдайларды жасауға бағытталған мемлекеттің мақсатты қызметі [2, 138 с.].

А. Кайгородцевтің пікірі бойынша, агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеудің қажеттілігі мыналармен негізделеді:

- 1) ауылшаруашылық өнім, шикізат және азық түлік нарығының елдегі макроэкономикалық жағдайларға әсері;
- 2) өнімді өндіру, қайта өңдеу мен сату процесінде нарықтың кірісті экономикалық тұрғыдан дұрыс бөлуді қамтамасыз етуге қабілетсіздігінен;
- 3) табиғи факторлардың оның нәтижесіне әсерін анықтайтын ауылшаруашылық өндірісінің ерекшелігімен;
- 4) ауылшаруашылық өндірісін ауыл халқының қызметінің негізгі түрі ретінде қолдау және ауыл аумақтарын олардың негізгі тіршілік ортасы ретінде сақтау [3, с. 31].

А.П. Зинченко және басқа да авторлар мынадай мақсаттарды бөліп көрсетеді:

- аз ресурстық шығын және жоғары өнімді еңбек пен кірісті, жеткілікті көлемде жоғары сапалы өнімді шығаруды және өзге де көрсеткішті қамтамасыз ету;
- отандық, ал қажет болған жағдайда әлем нарығына шығаратын өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету;

- ауылшаруашылық еңбектің жоғары кірістілігіне жағдай жасау. Кіріс факторы немесе ауыл шаруашылығымен айналысатын жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу, олардың біліктілігінің деңгейін, еңбекке құлшынысын анықтайды;

- агроөнеркәсіптік өндірісті экологизациялау, ол адамның өмір сүру ортасын жақсартумен, халықтың дұрыс тамақтануы мақсатын жүзеге асыруын қамтамасыз етумен байланысты [4, с. 29-30].

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының заңының 3-бабында агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеудің мынадай мақсаттары бекітілген:

1) ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту және ауыл халқын қолайлы тұрмыс жағдайларымен қамтамасыз ету;

2) мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

3) агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамытуды қамтамасыз ету;

4) бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімін және оның қайта өңдеу өнімдерін өндірудің экономикалық жағдайларын жасау болып табылады [5].

Ал, 9-бабы агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеуге арналған. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу азық-түлік қауіпсіздігін, агроөнеркәсіптік кешен өнімі нарықтарының тұрақтылығын қамтамасыз етуге, кәсіпкерліктің тиімді жүйесін құруға, отандық өнімнің бәсекелестік артықшылығын қолдауға, сондай-ақ, өсімдік шаруашылығын, мал шаруашылығын, балық шаруашылығын, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді және тамақ өнеркәсібін дамыту үшін жағдай жасау арқылы ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруге, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті, техникалық жарактандыру мен басқа да ілеспе қызмет салаларын қамтамасыз етуге, ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған.

Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу:

1) агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында кредит беруді дамыту;

2) агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау;

3) сатып алу операциялары мен баға интервенцияларын жүргізу;

4) мамандандырылған ұйымдар құру;

5) агроөнеркәсіптік кешен тауарларының экспорты мен импортын реттеу;

6) агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарактандыру;

7) агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету;

8) агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету және ол үшін кадрлар даярлау;

9) ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының дамуын инвестициялауды жүзеге асыру;

10) ауылды оңтайлы қоныстандыруды ұйымдастыру;

11) ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

12) салықтық, бюджеттік, кедендік-тарифтік, техникалық реттеу шаралары мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

3. Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды мемлекеттік реттеудің осы баптың 2-тармағында белгіленген іс-шаралары:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) бекітетін мемлекеттік, салалық (секторлық), өңірлік бағдарламаларға және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларына сәйкес көзделген бағыттар бойынша қаржыландырылады.

Осы іс-шараларды қаржыландырудың жыл сайынғы көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен және мәслихаттардың жергілікті бюджет туралы шешімдерімен белгіленеді». Бірақ, біздің ойымызша, аграрлық қатынастарды мемлекеттік реттеудің барлық мақсаттары қолданыстағы заңнамада көрініс таппаған. Мысалы, агроөнеркәсіптік өндірісті экологизациялау, яғни экологиялық таза өнімді өндіру мақсатында ауылшаруашылық өндірісте экологиялық-құқықтық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету сияқты мақсатты міндетті түрде бекіту қажет.

Әрқашанда халықтың тамақтануының негізгі қайнар көзі ауылшаруашылық өнімдері болып табылады, сондықтан олар қауіпсіз болулары керек. Ауылшаруашылық өнімдерінің сапасын жақсарту ұлттық мәселе. Қазіргі жағдайда бұл мәселе шиеленісте, өйткені экологиялық таза өндіріс пен ауылшаруашылық өнімін өндіру заң жүзінде жеткілікті деңгейде реттелмеген. Сонымен қатар,

мемлекеттік реттеуде бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық өнімін өндіру үшін экономикалық жағдайды қамтамасыз ету де жеке орын алады. Өйткені, ауылшаруашылық өнімнің отандық және халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігін үнемі арттырып отыру қажет. Қоғамдық қатынастардың дамуы және әр кезеңде қойылатын мақсаттарға байланысты мемлекет пен қоғамның алдына қойылған міндеттер де ауысады. Бірақ, стратегиялық міндеттер тұрақты, оларға:

- Агроөнеркәсіптік өндірісті дамыту;
- Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Ауылшаруашылық өнім, шикізат және өндіріс нарықтарын реттеу;
- Халықтың азық-түлікпен қамтамасыз етілуін жақсарту;
- Ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа салаларымен экономикалық тепе-теңдікті сақтау;
- Ауыл шаруашылығы мен өзге де салалардың жұмысшыларының кірістерінің деңгейлерін жақындастыру;
- Отандық тауар өндірушілерді қорғау [6, с. 255-256.].

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» ҚР Заңында мемлекеттік реттеудің міндеттері көрсетілмегенімен, «агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу: агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аумақтар саласында кредит беруді дамыту; агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялау; сатып алу операциялары мен баға интервенцияларын жүргізу; мамандандырылған ұйымдар құру; агроөнеркәсіптік кешен тауарларының экспорты мен импортын реттеу; агроөнеркәсіптік кешенді техникалық жарақтандыру; агроөнеркәсіптік кешенді ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету; агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету және ол үшін кадрлар даярлау; ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымының дамуын инвестициялауды жүзеге асыру; ауылды оңтайлы қоныстандыруды ұйымдастыру; ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; салықтық, бюджеттік, кедендік-тарифтік, техникалық реттеу шаралары мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де шараларды қолдану арқылы жүзеге асырылады», - делінген.

Мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері болып: ауылшаруашылық өндірісін шикізатпен, халықты азық-түлікпен және басқа да тауарлармен қамтамасыз ету мақсатында аграрлық өндіріске қолдау көрсету, ауылды әлеуметтік жағдайлармен қамтамасыз ету және ауыл халқын жұмыспен қамту экспорттық әлеует қалыптастыру болып табылады.

1 Жетписбаев Б. Аграрное право Республики Казахстан. - Алматы: Данекер, 2000. - 272 с.

2. Еркінбаева Л.К. Аграрные правоотношения в Республике Казахстан: дисс. д-ра юрид. наук. – Алматы. 2008. – 354 с.

3. Кайгородцев А. Государственное регулирование АПК как фактор обеспечения продовольственной безопасности // Транзитная экономика 31.- 2006. - С. 34-38

4. Аграрная политика: учебники и учеб. пособия для студентов высш. учеб. заведений / Под ред. А. П. Зинченко. - М.: КолосС, 2004. - 304 с.

5. ҚР Заңы Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы 08.07.2005 ж. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 12, 52-құжат;

6. Попов Н.А. Экономика сельского хозяйства. – М.: ЭКМОС, 1999. - 352 с.

In this article the author examines some of the problems of state regulation of agrarian relations: concept, aims and objectives.

В данной статье автор рассматривает некоторые проблемы государственного регулирования аграрных правоотношений: понятие, цели и задачи.

Р.Е. Умербаева

ПРОБЛЕМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В СФЕРЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ И ОХРАНЫ ЗЕМЕЛЬ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ

Земельный вопрос был и остается главным в политике, экономике, экологии и социальной сфере любого государства, - это проблема не только национального уровня, но и глобального масштаба. Именно поэтому в мире в настоящее время проявляется особый интерес к земле как источнику всех богатств, ценнейшему природному ресурсу и фактору производства.

Подходы к использованию земель в прошлом исходили и рассматривались, как ресурс и резерв. Однако проблемы землепользования последнего столетия и прогнозы на будущее заставили